

**"Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 10 наурыздағы N 357 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 18 наурыздағы N 332 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 10 наурыздағы N 357 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Қазақстан Республикасы Президентінің  
Жарлығы**

**Қазақстан Республикасы Президентінің  
2000 жылғы 10 наурыздағы N 357 Жарлығына  
толықтырулар енгізу туралы**

"Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік қызмет өткеру тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 2000 жылғы 10 наурыздағы N 357 Жарлығымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., N 15, 141-құжат) бекітілген Мемлекеттік қызмет өткеру тәртібі туралы ережеге мынадай толықтырулар енгізілсін:

*2 7 - т а р м а қ т а :*

2) тармақшадағы "ішкі істер" деген сөздерден кейін ", қаржы полициясы" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшадағы "ішкі істер" деген сөздерден кейін ", қаржы полициясы" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК